

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Еркежан» бөбекжайы

**Топ:** «Арай» тобы

**Балалардың жасы:** 5 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі : Желтоқсан**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Желтоқсан</b>	Денешынықтыру	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулар:</b> Қолды кезек жоғары артқа көтеру. Алға еңкейіп, алақаның еденге тигізу. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру.(бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды) Екі бала жұптасып жасайды. Бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады.(5-брет). Отырып алға, артқа еңкею(5-брет)</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Жүру. Қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау. Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан қолға ауыстыра отырып, кедір бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру.</p> <p>Жүгіру: Кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтарымен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу</p> <p>Секіру. Оң және сол аяқты алмастырып(арақашықтығы 3м) секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу.</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір бірінің жанына және бір бірінің артынан сапқа тұру.</p> <p><b>Музыкалық- ырғақтық жаттығулар:</b></p> <p>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Шанамен сырғанау. Бір бірін шанамен сырғанату.</p> <p><b>Спорттық ойын элементтері:</b></p> <p>Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шанамен сырғанауға жағдай жасау.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b></p> <p>Балалардың денсаулықтарын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама</p>

	<p>қарсы температурадағы сумен шайыну.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:</b> Тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану.</p>
<b>Сауат ашу негіздері</b>	<p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға(ауызша) үйрету.</p> <p>Қолды жазуға дайындау. Геометриялық фигуралардың, көгөңістер, жеміс жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> Ана тіліндегі дауысты айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз Ж-Ш дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Етістіктерді жалғаулармен қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</b> Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: хабарлау әңгімелерін құрастыру.</p> <p><b>Шығармаларды қабылдау.</b> Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, ертегі мазмұнын түсіну.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын.</b> Бүтін жиін мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату.</p> <p><b>Сан және санау.</b> Сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 10 санының пайда болуымен, 0 ден 10 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p><b>Шама.</b> Заттарды әртүрлі белгілері бойынша(түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер.</b> Геометриялық фигуралар мен(дөңгелек, сопақша,, үшбұрыш, сопақша, төртбұрыш) геометриялық денені(цилиндр) дұрыс атап, оны ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Қозғалыс бағыттары: оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Тәулік бөліктерінің ауысуын(кеше, бүгін, ертең) анықтау.</p>
<b>Қөркем әдебиет</b>	<b>Оқу, әңгімелеу.</b> Шығарма мазмұнын сюжеттік бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап

	<p>айтып беру.</p> <p><b>Мәнерлеп оқу.</b> Бейненің қимылын, интонациясымен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары.</b> Тірі табиғат (өсімдік) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</b> Қысқы табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту.(қар, мұз сүңгілері)</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін көріктеңдіруі.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау, және себеп салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады(жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады)</p> <p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.</p> <p><b>Заттық әлем.</b> Үй –жайларда, балабақша ауласында, жақын мандағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Қазақстан Республикасының астанасы- Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.</p> <p><b>Жол қозғалысы ережелері.</b></p> <p>Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Құрылыс материалдарынан құрастыру:</b> Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.</p> <p><b>Қағаздан құрастыру.</b> Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру.</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</b> Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру. Табиғи ( жіп) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p> <p><b>Конструктор бөлшектерінен құрастыру.</b> Конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау, өзбетінше ойдан құрастыруға.</p>
<b>Сурет</b>	<p><b>Заттық сурет салу.</b> Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру(бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау</p> <p><b>Сюжеттік сурет салу:</b> Бейнелеу әдістерін(штрихтар, бояуларды араластырып. Кляксография, жіппен және т.б.) қолдану</p> <p><b>Сәндік сурет салу:</b> Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («құстұмсық») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән</p>

	элементтерді пайдалану.
<b>Мүсіндеу</b>	<p><b>Заттық мүсіндеу:</b> Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі ойыншықтарды мүсіндеу. Қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру.</p> <p><b>Сюжеттік мүсіндеу:</b> Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.</p> <p><b>Сәндік мүсіндеу:</b> Қазақ халқының түрлі тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен безендіру.</p>
<b>Апликация</b>	<p><b>Заттық жапсыру:</b> Жапсырудың сынарлы симметриялы әдісі мен қисық қию тәсілін қолданып мата материалдардан жапсыру.</p> <p><b>Сюжеттік жапсыру:</b> Сюжеттік жапсыруда әлеуметтік оқиғаларды бейнелеу, трафареттермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p><b>Сәндік жапсыру:</b> Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен(ши, көрпе, жастық) таныстыру, оларды ою өрнектерімен безендіру, жеке және топпен бірлесіп жасау</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p>Қыс мезгілі жайлы түсінік дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Таныс сөздерді дұрыс атайды және ажыратады;</p> <p>Адамның дене мүшелерін түсіну дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді және сөздерді байланыстырып құрастыруды үйрету.</p> <p>Өзінің бөлмесіндегі заттарды атауға үйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Жаңа жыл мерекесі жайлы әңгімелеу. Жаңа жыл жайлы қарапайым сұрақтар қояды және оған жауап береді.</p>
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау</b></p> <p>Балаларды музыканың дыбысын тыңдауға, кейбір музыкалық формалары, экспрессивті құралдарды ажыратуға үйрету.</p> <p>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.</p> <p>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру</p> <p>Қазақ халық аспаптары: домбыра үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Д.Нұрпейісованың шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу</p> <p><b>Ән айту</b></p> <p>Дауысты және есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларда қарапайым әндерді дәл интонациялауға үйрету. Жақын маңдағы 2-3 пернеде ритақты сақтай отырып, ән айтуды үйрену оңай.</p>

		<p>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту. Вокалдық-хор дағдыларын дамыту. Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</b></p> <p>Музыкамен келісе отырып, қимылдарды орындауға үйрету, би қимылдарын меңгеру-бөлшек қадам</p> <p>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p><b>Билер</b></p> <p>Ритмикалық үлгіні шапалақпен орындауға үйрету, қозғалуға үйрету.</p> <p>Қазақ биінің қимылдарын үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Музыканың би сипатын сезіну.</p> <p><b>Би шығармашылығы</b></p> <p>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару. Би ойлап табуға үйрету. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, би ойлап табуға үйрету.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау</b></p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету.</p> <p>Музыкалық (асатаяқ, бубен, румба, үшбұрыш, ағаш қасық) аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>
--	--	---